



КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚҰРАН КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Халықаралық Түркі академиясы бірлесіп ұйымдастырған «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» атты халықаралық конференциясы өтті.

Маңызды жиынға қатысушылар алдымен Ахмет Ясауи кесенесіне арнайы барып, тағзым етті.



Алқалы жиынға Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары Өмер Қожаман, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Ержан Мұқашев, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің төрағасы Ержан Нүкежанов, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Али Риза Акынды, «Білге Түрік» мәдениет қорының басқарма төрағасы, экс-губернатор Гунгөр Азим Туна, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов, сонымен қатар зиялы қауым өкілдері мен танымал ғалымдар қатысты.

Басқосу аясында Қарахан мемлекеті дәуірінде (X ғасыр) көне түркі тіліне аударылған алғашқы Құран кітабының тұсаукесер рәсімі жасалды.

Халықаралық Түркі академиясы басып шығарған бұл бірегей басылым біздің заманымызға жеткен Құран аудармасының ең көне әрі толық нұсқасы



саналады. Бүгінде бұл қолжазба Ыстамбұл қаласындағы Түрік және Ислам өнері музейінде сақтаулы тұр. Түркістан топырағында туып, жетілген ғұламалар сусындаған мыңжылдық мұра осылайша түркология, тіл және дін мәселелеріне қызығушылық танытатын ғалымдар мен ізденушілерге қолжетімді болып, толық факсимиле нұсқасында тұңғыш рет жарияланып отыр. Қасиетті кітаптың жарық көруі Түркістанның түркі әлемінің рухани астанасы атануымен тұспа-тұс келді.

ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов :

- Ежелден Түркістан түркі дүниесі үшін, түркі халықтары үшін рухани орталық болған. Қаланың қазір жаңа дәуірі басталды. ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен 2017 жылы Түркістанды түркі әлемінің мәдени бас қаласы деп жариялаған болатынбыз. Сол кезде түрлі мәдени шаралар мен әдеби конгресстер, конференциялар өткізген едік. Соңғы рет Түркістанға 2019 жылы келген болатынмын. Осы екі жылда сонша өзгергеніне таңқалып жатырмын. Түбі бір түркі жастары білім алып жатқан университеттің түркі әлеміне қатысты іс шараларын жан-жақтан қолдауымыз керек.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова:



– Мен ерекше әсерде отырмын. 1000 жыл бұрын түркі тіліне аударылып, жалпы ислам мәдениетінің, ислам дінінің таралуына үлкен ықпал жасаған керемет кітапты тарту етіп отырғандарыңыз үшін құрметті Дархан Қуандықұлына үлкен алғысымды білдіремін.

Ғалымдарымыздың ұсынысы бойынша университетімізде осы жылы «Теология» факультетін ашқалы отырмыз. Бұл факультет елімізде тұңғыш болуымен де ерекшеленбек. Факультетте Ясауи бабамыздың мирас болып қалған ілімі мен ғылым түсінігі негіз болады. Дін социологиясы, дін философиясы, ислам өнері сынды өкінішке орай мән берілмей келген маңызды салаларды да ғылым назарын аудартып, осы саланы зерттейтін ғылыми тұлғаларды қалыптастыру факультеттің миссиясы болады. Университет ғалымдарының үлкен жобалары бар. Осы бағыт бойынша осында жиналып отырған ұйымдармен бірлесе отырып іс-шаралар өткізетін боламыз деп сенемін.

Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі: – Жанар Амангелдіқызы, Сіздермен бірлесе атқаратын жобаларымыз көп болады. Саммит барысында еліміздің президенті Халықаралық Түркі академиясы мен ХҚТУ бірлесіп жобалар атқаруды, археологиялық қазба жұмыстары мен түркологиялық зерттеулерді бірігіп жүргізуді тапсырған болатын. Сондықтан біздің де ортақ жобаларымыз көп болады деп сенемін. Таяуда жақсы конференция өткіздіңіздер. Сонда Өкілетті кеңес төрағасы да университеті түркологияның орталығына айналдыру туралы бастама көтерді. Біз, қолдау көрсетуге дайынбыз.

Келелі кеңеске қатысушылар Елбасы бастамасымен қайта түлеген Түркістан және оның түркі әлеміндегі маңызы туралы ойларын ортаға салып, бауырлас елдердің бірлігі жайында пайымды пікірлерімен бөлісті.

-Түркістан мемлекетіміздің алтын бесігі, барлық түркі халықтары үшін қара шаңырақта осы айтулы шараның өтуі ерекше маңызы мен орны бар. Халықаралық Түркі академиясының бастамасымен аударылып баспадан шыққан қасиетті кітаптың аяттарын дұрыс тәпсірлеу, жастарға діни бағытта дұрыс ақпарат беру. Сондай-ақ қазіргі кездегі деструктивті діни ағымдардың идеологиясына қарсы тұруға өз септігін тигізетін құнды жәдігер, - деді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің төрағасы Ержан Нүкежанов,

Бас қосудан кейін мәртбелі меймандар түркінің төрі саналатын Түркістан қаласындағы тарихи орындарды аралап, жаңадан бой көтерген ғимараттармен танысты.

А. БЕЛЬДИБЕКОВА,
журналистика кафедрасының меңгерушісі

ЖАҢАЛЫҚТАР

XI ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА: ЕҢ МЫҚТЫ ДЗЮДОШЫЛАР!

Университетімізде ЖОО арасындағы XI жазғы Универсиаданың дзюдо (ерлер, қыздар) спорт түрінен болған сайыс өз мәресіне жетті.

Ерлер мен әйелдер арасындағы Дзюдо сайысы 24-27 мамыр аралығында өтті. Аталмыш бәсекеде 23 команда сынға түсті. Қорытынды есепте әйелдер арасында жеңімпаз атанған командалар:



1-орын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
2-орын М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті;
3-орын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
Ерлер арасында командалық есепте:

1-орын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
2-орын М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті;
3-орын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
Жеңіс тұғырынан көрінген жоғары оқу орындарының командаларын құттықтаймыз!

XI ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА: БАСКЕТБОЛ

20-27 мамыр аралығында өткен баскетбол ойындары өз мәресіне жетті.

Финалдық ойында ерлер арасында III орынға С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (ПМУ) мен Тұран университеті таласты. Ал I және II орынға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасында тартысты ойын өтті.

Сонымен, командалық есеп бойынша ерлер арасында:

I орын - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
II орын - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
III орын - С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (ПМУ)
Қыздар арасында командалық есепте:



I орын - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
II орын - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
III орын - Қазақ спорт және туризм академиясына бұйырды. Жеңімпаз командаларды құттықтаймыз!

XI жазғы Универсиада: таеквандо

Ерлер мен қыздар арасындағы таеквандо жарысы өз мәресіне жетті. Үш күнге созылған байрақты бәсекеде спортшы-

лар мықтылықтарын дәлелдеді. Аталмыш бәсекеде 8 команда бақ сынады. Жалпы командалық есеп бойынша



ерлер арасында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті-I орын, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті-II орын, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті-III орынға тұрақтады. Әйелдер арасында жалпы командалық есеп бойынша Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті-I орын, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті II орын, ал III орын М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетіне бұйырды.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Математика және математикалық модельдеу институтының ұйымдастыруымен «Математиканың өзекті мәселелері» атты Қазақстан Математиктерінің ғылыми конференциясы өтті. Аталмыш жиынның ашылу салтанатында Математика және математикалық модельдеу институтының бас директоры Садыбеков Махмуд, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, ф-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Кальменов Тынысбек пен Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінен ф-м.ғ.д., профессор Ойнаров Рысқұл құттықтау сөз сөйлеп, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Конференция барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Математика және математикалық модельдеу институты арасында Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар оқу ордамыздың Академиялық инновациялар және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жөніндегі вице-президенті Есимова Шолпан «ХҚТУ қызметкерлерінің ғылыми жетістіктері және ғылыми зерттеулерді дамыту» туралы баяндама жасады. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Математика және математикалық модельдеу институтының бірлесуімен өткізіліп жатқан конференцияда Қазақстан математиктерінің ғылыми өзекті мәселелерін қамтитын маңызды баяндамалар жасалды.

Университетімізге Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов арнайы ат басын бұрды. Жанар Амангелдіқызын жаңа қызметімен құттықтай келген қадірлі қонақ, университеттің жаңа басшылық құрамымен де кездесіп жұмыстарына сәттілік тіледі. Ректор Жанар Темірбекова әлемге әйгілі өнерпаз, түркі мәдениетінің жанашыры Дүйсен Қорабайұлының оқу ордамызға көрсеткен құрметі мен құттықтауын ерекше ықыласпен қабылдап үлкен алғыс білдірді.

Келелі кездесуде түркі дүниесіне ортақ біршама дүниелер сөз болды. Түркі жұртына ортақ мәдениет пен өнерді насихаттау, түркі әлемі жастарының білімі мен ынтымақтастығын күшейту бірінші кезектегі мәселе екендігі айтылды.

«Ежелден Түркістан түркі халықтары үшін рухани орталық болған. Қазір қаланың жаңа дәуірі басталды. ТҮРКСОЙ ұйымы 2017 жылы Түркістанды «түркі әлемінің мәдени астанасы» деп жариялаған болатын. Сол кезде түрлі мәдени шараларды – кездесулер мен концерттерді, симпозиумдар мен конференцияларды осы Халықаралық қазақ-түрік университетімен бірлесіп оқу орнының Мәдениет сарайында өткізген едік. Түркістанға соңғы рет 2019 жылы күзде келген едім. Екі жыл ішінде көне қаланың сонша өзгергеніне таңқалып жатырмын. Біз беделді халықаралық ұйым ретінде түбі бір түркі жастары білім алып жатқан университеттің Түркістанды түркі әлемінің рухани орталығына айналдыру бағытындағы іс-шараларын жан-жақты қолдайтын боламыз» - деді, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қорабайұлы.

Кездесу соңында ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов ұйымның ең соңғы басылымдарын – Абай жылына арналған «Абайды оқығанда» арт-альбомы мен ақын Олжас Сүлейменовтың мерейтойына арналған «Олжасты оқығанда» арт-альбомын оқу орда басшысына сыйға тартты. Өз кезегінде ректор Жанар Темірбекова құрметті мейманға алғыс білдіріп, алдағы уақытта да түркі әлемінің мәдениеті үшін жасалатын кез-келген шараны бірлесіп атқаруға дайын екенін білдірді.

Тараз қаласында Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдық мерей тойына арналған Қазақ күресінен ҚР кубогі өтуде. Аталған сайыста 90 кг салмақта Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Мемлекеттік және жергілікті жерді басқару мамандығының 2 курс студенті Айдарбек Тоқтарбек бақ сынап, чемпион атанды.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы әлемнің 54 мемлекетінде бақ сынасып, 48 медаль олжалаған. Боз кілемде атой салған оның еш жерде бәлі бүгіліп, мысы басылмаған. Бүгінде балуанның осы ерлігіне сүйсініп, қазақ күресіне бет бұрғандар қатары көбейді. Солардың қатарында Айдарбекте бар.

Еске сала кетсек, Айдарбек Тоқтарбек 05-06 мамыр аралығында Қазақ күресінен Қ.Р Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жұлдесі үшін облыстық «Қазақстан Барысы» сайысында абсолюттік салмақ дәрежесінде сынға түсіп, «Қазақстан Барысы» сайысына жолдама алған болатын. «Қазақстан Барысының» 10 жылдық мерей тойына арналып өтілетін сайыста Айдарбектің Түркістан облысының намысын абыроймен қорғап қайтуына тілекшіміз!

ӘЙЕЛ БАҚЫТТЫ БОЛСА - ҚОҒАМ БАҚЫТТЫ

Құдіреттің ең жұмбақ жаратылысы - әйел. Табиғат әйелдерге ең маңызды функцияларды ұсынды, өйткені жер бетіндегі әйелдің мақсаты - адамзат баласын жалғастыру. Бірақ адамзаттың өмір сүруінің әр түрлі кезеңдерінде әйелдердің қоғамдағы рөлі бірдей болған жоқ. Әйелдің үлесі еркекке қарағанда айтарлықтай көп. Мүмкін, сондықтан табиғат әйелді әлдеқайда төзімді етіп жаратқан шығар. Әйел эмоционалды және физикалық жүктемелерге шыдамдылықпен төзеді. Дәрігерлер тіпті әйел мен еркектің ауруға төтеп беріп, өзгеше сезінетінін дәлелдейді. Әйелдің генетикалық коды ұзағырақ болатыны алдын-ала анықталған, дегенмен ерлер арасында да ұзақ өмір сүретіндер кездеседі. Алайда, мұның бәрі тек жеке тұлғаға қатысты.

Қоғам қашан да даму үстінде. Оны алға жылжытатын даму тетіктері экономикалық үрдістерге ғана емес, халықтың рухани, мәдени ахуалының деңгейіне тәуелді екеніне тарихи жолымыз куә. Сондықтан руханиятты сақтап қалуда отбасы мен әйелдер қауымының рөлі өте үлкен. Әр түрлі қызмет салалары бойынша елдер мен халықтардың интеграциясы жаһандану процестерінің нәтижесінде қалыптасады. Ол нәтиже индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға, жоғары технологияларға, ұлттық экономикадан әлемдік трендтерге көшу кезінде анық байқала бастады. Әлемде саясат, экономика, білім, отбасы мәселелеріне қатысатын әйелдердің әлеуметтік рөлі туралы идеялар да өзгерді.

Сондықтан әйелдердің құқықтары адамның өмір сүру құқығы, бостандық, жеке қауіпсіздік, денсаулық, лайықты өмір сүру деңгейі, тең еңбек, білім алу үшін бірдей ақы төлеу, құлдықтан азат болу, тең қорғалу құқығы тұрғысынан қарастырылу тенденциясына қол жеткізді, қазір жүйелі жұмыстар жасалуда.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев елдегі гендерлік кемсітушіліктің алдын алу және іс жүзінде әйелдер үшін ерлермен бірге гендерлік теңдік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтті. Қазақстанда тәуелсіздік жарияланған кезеңнен бастап гендерлік саясат, әйелдер, отбасы мәртебесі мәселелері мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Оның негізгі басымдықтары 2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясында айқындалған. Оларды іске асыру мәселелерімен Президент әкімшілігі жанындағы Әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия айналысады. Ұлттық гендерлік саясаттың конституциялық негіздерін қалыптастыруда адам құқықтары, отбасы және гендерлік теңдік саласындағы нәтижелі халықаралық тәжірибелер мен БҰҰ бағдарламалық құжаттары кеңінен қолданылды.

Қазақ қоғамындағы әйел - ол дәстүрлер мен отбасылық ошақты сақтаушы ғана емес, сонымен бірге экономикалық, саяси және қоғамдық өмірге ер адаммен тең дәрежеде қатыса алатын құқық иесі. Қазақ халқы әйел тұлғасының құндылық қасиеттерін жоғары бағалаған. Халық даналығында: «Жақсы әйел ерді төрге, жаман әйел – көрге сүйрейді» деген де бар.

Әйел - бұл отбасында жайлылықты тудыратын, үйдегі тәртіп пен тазалықты, мейірімді атмосфера мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты сақтайтын, сонымен қатар баласын тәрбиелейтін, сүйетін және қорғайтын, оны бақытты ету үшін бәрін жасайтын ана мен әйел.

Әйел - ол қызметкер, іскер әйел, ол жұмысқа саналы түрде қарайды, жауапкершілікті сезінеді, кез-келген салада елеулі жетістікке жетеді, басшылық қызметтерді атқарады.

Заманның ажырамас байланысында әйелдердің мәртебесі туралы тұтас көзқарас қазақ эпосында байқалады. Мұхтар Әуезов «Қазақ эпосы және революцияға дейінгі фольклор» мақаласында: «Батырлық эпостық жырларда қазақтың қаһармандық эпосы кейіпкерінің таптырмас қасиеті - оның жеке ортасы (туыстары, әйелі, достары), ат пен сауытында. Батырдың ерлік тұлғасының

қалыптасуындағы міндетті кезеңі - оның үйленуі. Ол некеге дейін батыр болмайды, неке оның физикалық жетілуінің соңғы дәрежесі сияқты. Жырларда батырдың жары кейіннен оның тұлғалық имиджінде ақылдың бейнесі ретінде қосымша қызмет атқарады. (Мысалы, Құртқа, Қобыланды батыр); Сондай-ақ әйелі ер азаматтың абыройының бейнесі ретінде толықтырады. (Ер Тарғын және Ақжүніс)».

Демек, қазақ қоғамында әйел өз ортасында әрқашан лайықты бағасын алып, құқықтық тұрғыдан еркіндігі шектеулі болмағанын осындай тарихи жәдігерлер арқылы білуге болады.

Қазір ХХІ ғасыр – жаһандану ғасыры. Құндылықтар өзгергенімен, қанымызбен берілетін тектілік жойылмас үшін әйел мықты болуы керектігін терең түсіндірген ғасыр бұл. Әйел бақытты болса - қоғам бақытты. Ал, әйелді бақытты етуге көп нәрсе қажет емес. Отбасы тұрақтылығы орын алса, әйел бақытты ұрпақ тәрбиелейді. Бар мәселе – сол тұрақты жұмыс орындарының болмауы мен табыс көзінің мардымсыздығынан. Осы жолда мемлекет қаншама бағдарлама жасап, қаржы бөлсе де, сол қаржыны мақсатта жұмсаудың жүйесі тұрақты емес. Осы орайда, Қоғамдық бақылау бойынша талқыға түсіп жатқан заң жобасынан үміт күтеміз. Біз де өз тарапымыздан ұсыныстар мен толықтыруға үлесімізді қосуға ынтылымыз.



Қазақстан халқының 52 пайызын әйелдер құрайды. Егер жұмысқа қабілетті 16 мен 58 жас аралығын алатын болсақ, онда шамамен 4,5 млн әйел бар. Ал, Түркістан облысы мәслихатында 45 депутат болса, оның ішінде 11-і әйел. Түркістан облысы - қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтаған дәстүрлі қоғам. . 2020 жылғы саяси науқан сайлау тізімдерінде әйелдер мен жастар үшін міндетті 30 пайыз квота туралы заңнаманың жаңа нормасын сақтау мәселесі кеңінен қаралған болатын. Осылайша, Заңның аталған нормасы Мәжіліс пен мәслихаттың өткен сайлауында іске асырылды. Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл норма әйелдер мен жастарды Парламентке және жергілікті өкілді органдарға тартудың тиімді тетігі болмақ. Бұл олардың елдегі қоғамдық-саяси процестерге белсенді қатысуына ықпал етеді.

Жаһандану тенденциялары отбасы институтына соншалықты әсері болуда десем, артық айтқандық болар еді. Қарапайым халық - отбасын асырауда қиындықтарға төтеп бере алатын, төзімді, дәстүрлі қоғам мүшесі. Оның жақсы жағын тиімді пайдаланып, сол тұрақтылықты сақтауға көңіл бөлінсе, әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға болады. Ал, көпбалалы аналардың баспана алуы мен жәрдемақысы, ауылдық жерлерде әйелдерге арналған мемлекеттік бағдарламалар мен шағын бизнесте әйелдерге жеңілдік болуын мемлекеттік деңгейде, арнайы заң жобаларымен шешуді мемлекет үнемі назарына алса, ұтылмаймыз.

Әлемнің барлық түкпірінде әйелдердің проблемасы ортақ деп ойлаймын. Кез-келген қоғамда әйелдің бақытты болуға құқығы бар. Әйелдердің қоғамдағы рөлі туралы айта отырып, жас ұрпақтың физикалық және моральдық денсаулығы, демек, ұлт болашағы оған байланысты екенін ескерген жөн. Сондықтан біздің болашағымыз үшін алаңдаған аналардың әлеуметтік қозғалысы күшейіп келеді. Маған бұл қозғалыс өте ұнайды, өйткені ол әйелді отбасынан бөлмейді, керісінше оны жақындастырады. Отбасы ошағының сақшысы - әйел, бұл оның қоғам үшін маңызы.

Гүлжамал ЖОРАЕВА
Тарих кафедрасының доценті, т.ғ.к.,
Гуманитарлық ғылымдар факультеті

ТҮРКІСТАНЫМ -ТҰРАНЫМ!

ТҮРКІСТАН - ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ӨҢІРЛІК ТУРИЗМНІҢ ОРТАЛЫҒЫ

Үстіміздегі жылдың 31- наурызында «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» тақырыбында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммиті бейнеконференция арқылы өтті.

«Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» тақырыбында өткен түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитінде «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» ретінде ресми белгіленген болатын.

– Түркістан - сан ғасырлық тарихы бар қасиетті мекен, Еуропа мен Азияны тоғыстырып жатқан Ұлы Жібек жолының күретаыры, Қазақ хандығының астанасы болған. Келісім, татулық, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттерді ұран етіп алған саммиттің Түркістан тақырыбына арналуы да – заңдылық. Саммит барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Түркі өркениетін жаңғыртуды Түркістанды әлемге танытудан бастауға шақырамын» деп Түркі елдерінің басшыларына маңызды үндеу тастады. Бұл – Түркістанның алдағы уақытта да бауырлас елдерге ортақ рухани астана ретінде дами беретіндігінің дәлелі, – деп барша түркістандықтарды осы тарихи кезеңнің басталуымен құттықтады.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Түркістанның барлық түркі халықтары үшін қастерлі қара шаңырақ, құтты мекен және аңсарлы атажұрт екенін айтты.

Мемлекет басшысы осы өңірде ғұлама ұстаз Қожа Ахмет Ясауиден бабаларымыздың діни білім алып, түркі-ислам мәдениетін әлемге таратқанын, түркілер Кіші Азияға бет бұрғанда бұл құндылықтар түп-тамырымызды сақтап, бірлігімізді бекем ұстауға негіз болғанын атап өтті. «Біздің мақсатымыз – түркі әлемін ХХІ ғасырда маңызды экономикалық және мәдени-гуманитарлық кеңістіктің біріне айналдыру. Түркі өркениетін жаңғыртуды, ең алдымен, Ясауи мұрасы мен қасиетті Түркістанды әлемге танытудан бастауға шақырамыз. Сол себепті бүгінгі саммит «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» деп аталып отыр» деді ол.

Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Түркістан қаласы түбегейлі өзгеріп, жаңа келбетке ие болғанына тоқталды. Қазақстан Президенті бүкіл әлем теңдессіз сын-қатерлермен күресіп жатқан қазіргідей қиын уақыттың өзінде Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы бәсеңдемегенін ерекше атап өтті. Президент: «Біздің елдеріміз үшін алыс-берісті ұлғайта түсу – басты міндеттің бірі. Осы орайда тоғыз жолдың торабында орналасқан Түркістанның инвестициялық және сауда-экономикалық мүмкіндігі зор. Оның қомақты табиғи ресурсын, адами капиталы мен туристік әлеуетін ескеріп, Түркістан өңірінде түркі елдерінің бірлескен «Арнайы экономикалық аймағын» құруды ұсынамын» деп атап өтті.

Білім беру саласындағы ынтымақтастық – болашақтағы табысты серіктестіктің негізгі факторы. Осы ретте Қазақстан Президенті ортақ мәдени-ағартушылық кеңістік қалыптастырған жөн деп есептейді. Президенттің пікірінше, оны «Ұлы түркілер» білім беру қорын құру арқылы жүзеге асыруға болады. Қор университеттер арасында академиялық ұтқырлық, тағылымдамадан өту, біліктілікті арттыру ісін үйлестіреді. Мемлекет басшысы бауырлас елдердің жас-тары үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде бакалавриат бағдарламасы бойынша 50 грант бөлуге дайынбыз деді. Бұл 50 грант «Ясауи степендиясы» деп аталатын болады. Қазіргі заманда гуманитарлық және академиялық ықпалдастықтың өзектілігі артып келе жатқанын айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев, іргетасы орта ғасырда қаланған Түркістан шаһарының археологиялық және ғылыми тұрғыда әлі толық зерттелмегенін атап өтті. «Сондықтан ТҮРКСОЙ мен Түркі академиясының Түркістан өңірінде археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын

жүргізуге баса мән беруі өте орынды. Бұдан бөлек тамырластық символы ретінде Түркістанда халықтарымызға ортақ сәулет нысанын салсақ, құба-құп» деді Мемлекет басшысы. Қазақстан Президенті Кеңестің мәртебесін арттырып, институционалдық құрылымын нығайту мақсатында оны толыққанды ұйымға айналдыратын уақыт келгенін айтты. Мемлекет басшысы осы ұсынысты саммит қорытындысы бойынша қабылданатын Түркістан декларациясына енгізіп, бекітуді ұсынды.

Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитінің қорытындысы бойынша Түркістан декларациясы қабылданды. Онда мына мәселелер қамтылды:

Түркістан қаласын Түркі әлемінің рухани астанасы деп жариялады. Болашақта ротациялық негізде Түркі әлемінің өзге де әйгілі көне



шаһарларына осы іспеттес мәртебе беруге мүмкін болатыны туралы келісті және Хатшылыққа Мүше мемлекеттермен бірлесіп аталған мәселе бойынша ережені 2021 жылы күзде Түркияда өтетін Түркі кеңесінің 8-ші саммитінің қарсаңында Сыртқы істер министрлері кеңесінің қабылдауы үшін әзірлеуді тапсырды;

2000 жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған ғылыми конференцияда: «Түркістанды облыс орталығы жасаймыз. Бұл той – Түркістанды орталыққа айналдырудың басы», деген еді. – Түркістан мұсылман әлемінің зиярат ететін киелі жері ғана емес, маңызды тарихи шешімдер қабылданған қазақ хандарының ірі мемлекеттік резиденциясы болған екен. Қаланы қайта жаңғыртуға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сіңірген еңбегі мол. Н.Әбішұлының 2018 жылғы 19 маусымда Түркістан қаласын облыс орталығы етіп, Түркістан облысын құру шешімін қабылданғаннан бері ауқымды істер атқарылуда. Тарихи шешімнің арқасында ғасырлық тарихы, көптеген тарихи-мәдени, туристік және діни ескерткіштері бар ежелгі қала жаңа келбетке ие болып, әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді тартуда.

– Түркістан – түркі әлемінің бесігі, рухани астанасы. Бұл сөзімді түркі тілдес халықтардың толық қолдайтынын саммиттің өзі дәлелдейді. Оның барысында қабылданған декларация бұл ақиқатты ресми бекітті. Себебі Түркістан көптеген жүз жылдықтар бойы тарихи, экономикалық, мәдени, рухани маңызды рөл атқарған, – деді Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің бас хатшысы Бағдат Әміреев. Өзбекстан Республикасы Ұлттық Мәжілісінің депутаты, Өзбекстандағы Ататүрік орталығының төрағасы Низами Джафаров та Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі бейресми саммитінің түркі әлеміндегі

өзекті мәдени, экономикалық, саяси мәселелерді қозғағанын алға тартып, Түркі мемлекеттері басшыларының шешімімен ресми халықаралық және озық деңгейде ұйымдастырылған кездесулердің түркі халықтарының мүддесін толықтай қамтитынына ризашылығын білдірді. Түркістан – күллі түркі жұртының мәңгілік жүрегі

Өзім туып-өскен туған жерім Түркістан жайлы жырламаған жан жоқ шығар. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев: «Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі» санаған Түркістанымыз күн санап құлпырып келеді. Қаныбек Сарыбаевтың тілімен айтқанда, «Түркістанда туғанына емес, тұрғанына қуанғандар көбейіп келеді. Құлашын кеңге жайған Тұран көркейіп келеді. Түркістан жайлы сөз қозғағанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті жайлы айтпай кетуге болмас. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев:

«Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті - Түркістанды түркі дүниесінің ортақ білім шаңырағына айналдырады» деген болатын.

Түркістанда шаңырақ көтерген бұл университет әлемдегі ең озық ғылым мен білім ордаларының біріне айналып отыр. Білімді жас – ел тірегі. Халқымызда «Білекті – бірді, білімді – мыңды жығады» деген сөз бар. Білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігі, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіруші күш екендігі белгілі.

Бүгінде еліміздегі осындай үлкен өндіргіш күшке, ғылым-білімнің ордалы ортасына айналып отырған жоғары оқу орындарының бірі - қаламыздағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып табылады!

Осы ордалы оқу орны биыл өзінің ширек ғасырлық мерейлі кезеңін атап өтіп отыр. Бұл аралықтағы 30 жыл еліміздегі сан мыңдаған адамның санасына ұлы өзгерістер әкелді. Әсіресе, университеттің құрылуы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың түркістандықтарға жасаған баға жетпес сыйы болды. Бұл орайда, Тәуелсіздіктің 30 жылы қасиетті Түркістан қаласы үшін өркениетке жасаған қадамның қарымымен ерекшеленіп отыр. Бұдан әрі де осылай жалғаса бермек деп есептеймін. Өз тәуелсіздігін баянды етіп, егеменді ел ретінде даму жолына түскен жас Қазақстанның келешек ұрпағы – жастарға халықаралық университет бүгінгі күн талабына сай білім беріп, әртүрлі мамандықтарға даярлау және патриоттық сезім негізінде жүйелі бағыт-бағдар беруде. Сондай-ақ, ең бастысы, оқу орны түркі халықтары үшін қасиетті орынға ерекше назар аударуға септігін тигізіп, түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен рухани дүниесін жаңғыртуға мол үлес қосуда. Қазір қаламызда, Түркістанның тасын өрге сүйреп, уақытпен санаспай еңбек етіп жүрген мамандардың басым көпшілігі осы университет түлектері. Міне, осы орайда, «Түркістанның өркендеуі Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті шәкірттерінің қолымен жасалып жатыр» деуге толықтай негіз бар. Сондықтан, кейінгі кездері ұлы дала елінің, тіпті түркі әлемінің қандай да бір жеткен жетістіктерінде қаламыздың сәні боп тұрған университеттің қолтаңбасы зор деп түсінемін.

А. БЕЛЬДИБЕКОВА, журналистика кафедрасының меңгерушісі, доцент м.а

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Тұңғыш Президент «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында білімге айрықша назар аударады. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек, - дейді Елбасы. – Жастарымыз басымдық беретін мәселелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

Тәуелсіздік жылдарында елімізде білім-ғылым саласына барынша мән беріліп, жан-жақты жағдай жасалуда. Мұның жарқын дәлелдерін жүздеп келтіруге болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше мәртебеге ие болды.

Университет – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Қазақстанның ежелгі қаласы 1991 жылы Түркістанда құрылды. Бүгінде Қазақстандағы жалғыз халықаралық университет саналады. Оқу ордасы халықаралық корпоративтік басқарудың бірегей жүйесіне – Үкіметаралық Өкілетті кеңеске, Сенатқа және Басқарушы кеңеске ие. Білім беру қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Қазіргі таңда университетте бәсекеге қабілетті болу мақсатымен халықаралық деңгейдегі білім беру бағдарламалары жасалуда: ең бастысы, бакалавр және магистрлік бағдарламалар санын көбейту, білім беру сапасын арттыру, материалдық-техникалық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды одан әрі дамыта түсу көзделуде.

Негізгі ғылыми бағыттар медицина, жаратылыстану, филология, гуманитарлық, әлеуметтік ғылымдар және инженерлік-ақпараттық технологиялар салаларында жүзеге асырылып келеді.

Студенттің білім деңгейі оқытушының біліктілігіне тікелей байланысты. Сондықтан да оқытушыға деген талапты күшейту басты назарда. Оқу орнының халықаралық мәртебесіне сай биік талап тұрғысында болуы да парыз. Университет әлемдік деңгейдегі білім беру мекемесі ғана емес, сонымен қатар, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша да білім тарататын, тәжірибе алмасатын орталық болып табылады.

Университетте қалыптасқан оқу жүйелерімен қатар білімгерлерге қашықтықтан білім беру бағдарламалары да қолға алынған. Оқытушы-профессорлар озық технологияларды пайдалана отырып, жер шалғайлығына қарамай интернет технологияларының көмегімен студенттерге білім беруде. Оқуға қажетті материалдар оқу қоры жинақталған порталда орналастырылған. Оқу орнының материалдық-техникалық базасы жоғары деңгейде деп нық сеніммен айтуға болады.

Білім ордасындағы барлық оқу жүйесі мен зертханалар жаңа техникалармен және интернет жүйесіне қосылған компьютерлермен, интерактивті тақталармен қамтамасыз етілген, спутниктік байланыс жүйесі тұрақты пайдаланылуда. Шәкірттердің сапалы да тиянақты білім алуларына мол мүмкіндік бар.

Университетте қазіргі кезде 29 ұлт өкілі саналатын 10 мыңнан астам жас білім алууда. Оның ішінде түркі тілдес 17 мемлекеттен келген 1200-дей білімгерлер мен тыңдаушылар бар. Мамандар 3 деңгейде, бакалавриатта 64, магистратурада 46, интернатурада 2, резидентурада 16, докторантурада 14 білім беру бағдарламалары бойынша даярланады. Жоғарыда айтылғандай, мұнда білімгерлерге дәріс негізінен қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде оқытылады.

Қазіргі таңда университетте білім беруді сала-сала бойынша дамытуға айқын бағыт алынып отыр. Солардың бірін тілге тиек етер болсақ, әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша мамандар Еуропа стандарттарына сәйкес дайындалады. Ғылымға иек артқан тәжірибелі ғалым-мамандар жетерлік.

Әлеуметтік ғылымдар факультетінде «Құқықтану», «Туризм», «Журналистика»,

«Халықаралық қатынастар», «Саясаттану», «Философия», «Әлеуметтану» білім беру бағдарламалары университеттің алғашқы құрылған уақытынан бастап негізін қалады. Қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, терең білімді, іскерлік дағдысы қалаптасқан, жоғары білікті маман дайындау мақсаты негізгі ұстаным болып табылады. Заман талабына сай сұранысқа ие болып отырған «Мейрамхана ісі және мейрамхана бизнесі», «Сандық медиа және тележурналистика» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау қолға алынып отыр. Бұл мамандықтарды игеруде білімгерлердің креативті ойлау қабілеті жоғары, инновациялық технологияларды шебер игеруі тиіс. Қазіргі таңда факультет түлектері еліміздің экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келеді. Факультет оқытушы-профессорларының міндеттері қолданбалы білім беру, гуманистік бағытта тәрбиелеу негізінде жоғары білімді, адамгершілігі мол, ақиқатты ардақтайтын, ел тәуелсіздігін қадірлейтін, рухы үстем, саяси әлеуметтік



мәселеде пікір айтатын, заң талаптары мен дербес саяси бағдарламаларға ат салысатын тұлға дайындау. Мамандарды даярлау үш сатылы жүйе бойынша жүзеге асырылады: бакалавриат, магистратура, докторантура. Оқу үдерісі барысында шет тілдерін меңгеруге, сапалы білім беруге, өзге ұйымдармен тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінген. Факультет түлектері ғылым мен білім саласында, әкімшілік-мәдени жұмыста, жалпы қызмет көрсету саласында, ішкі істер жүйесінде, ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметінде сұранысқа ие. Республика мен аймақтың көрнекті саяси, қоғамдық, ғылыми қайраткерлері мен бизнес өкілдері арасында біздің факультеттің түлектері бар. Мамандарды дайындау туризм, журналистика, құқықтану, халықаралық қатынастар, философия, социология бойынша іргелі білім бағдарламаларына негізделген. Қазір факультетте 721 білім алушы (оның ішінде 32% шетелдік білім алушылар) 20 магистрант және 10 докторант білім алса, 63 оқытушы-профессорлар қызмет етеді.

Білім ордасының іргелі факультеттерінің бірінен саналатын ұжым халықаралық оқу орындарымен байланысты барынша нығайта түсуде. Нақтылап айтқанда, Түркия Республикасының Сүлейман Демирел университеті, Ялова университеті, Ататүрік университеті, Эрджиес университеті, Кастамону университеті, Сакарья университеті, Қара теңіз техникалық университеті, Гиресун университеті, Эгей университеті, Нийде Омер Халисдемир университеттерімен, Францияның Экс-Марсель университетімен, Польшаның Лодзь университетімен, сондай-ақ Қырғызстан Республикасының Манас университеті, Халықаралық Қырғызстан университеттерімен бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Факультетіміздің талапты білімгерлерін академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетел университеттеріне оқуға жіберіп отыру қалыптасқан дәстүрге айналған. Тек соңғы үш жылдар ішінде елуден аса білім алушылар Түркия, Франция, Польша сияқты елдердің

оқу орындарында білім алып қайтты, 20-дан астам шетелдік білімгерлер университетімізге келіп бір семестрдің көлемінде білім алды. Сондай-ақ, еліміздегі жоғары оқу орындарымен де осы ұтқырлық бағдарламасының аясында білімгерлердің өзара тәжірибе алмасып, 6-ай немесе 1-жыл көлемінде білім алу үрдісі жолға қойылған. Мұндай игілікті шара алдағы уақытта да жалғасын таба беретін болады.

Факультетте білімгерлердің өз қабілеттері бойынша шығармашылықпен айналысуларына жан-жақты жағдай жасалған. Дәлірек айтқанда, Туризм, Халықаралық қатынастар, Шолпы, Кино, Әділет клубтары жұмыс істейді. Білімгерлеріміз университет, қала, облыс, республика деңгейінде өткізілетін әлеуметтік, қоғамдық іс-шараларға белсене араласады.

Факультет білімгерлері оқуда үздік, ғылымда озық, еліміздің белсенді азаматтары ретінде тәрбиелене отырып, болашақта жарқын маман ретінде өзін нық көрсету мақсатында республикалық, Халықаралық олимпиадалар мен сайыстарға қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жүр.

Мәселен, соңғы екі жылдың өзінде, пандемияға байланысты орын алып отырған жағдайларға қарамастан, білім беру процесі де, сайыстар да қашықтықтан өткізіліп отырған кездің өзінде Туризм, Журналистика, Философия білім беру бағдарламалары бойынша білімгерлері жүлделі орындарды иеленіп отыр.

Мәселен, 5B090200 - «Туризм» білім беру бағдарламасының білімгерлерінің «Yessevi» командасы 2019-2020 оқу жылында XII Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасында, еліміздің барлық өңірлерінен 15 жоғары оқу орны қатысқан білім сайысында, менің және «Туризм» кафедрасының магистр-оқытушы Исаева Айжан Мұханқызының жетекшілігімен қатысып, топтық көрсеткіште II орынды, білімгердің жеке көрсеткіштері бойынша I орынды иеленіп, келесі кезекті пәндік олимпиаданы өткізу мүмкіндігіне ие болды. 2020-2021 оқу жылындағы кезекті XIII Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасында тағы да II-орынды иеленді.

Сондай-ақ, Республикалық ғылыми конкурстарға ұсынылған жұмыстардың нәтижесінде «Философия» білім беру бағдарламасының білімгерлері Ж.Өлен мен Ф.Ахметова екі жыл қатарынан II, III орындарды иеленіп, ҚРБЖФ министрлігінің дипломымен марапатталды.

«Журналистика» білім беру бағдарламасының білімгерлері жыл сайын «Ең дарынды болашақ журналист» атты пән олимпиадасына қатысып, командалық I-II орындарды иеленуде. Осы оқу жылында, таяуда ғана Атырауда болашақ журналистер арасында XII республикалық онлайн пән олимпиадасы өтті. Жас қаламгерлердің дәстүрлі сайысында еліміздің 15 аймағынан 80-ге жуық білімгерлер қатысып, бақ сынады. Солардың қатарында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Журналистика кафедрасының білімгерлері топ жарып, I орынды иеленді (топ жетекшісі профессор Б.Сердәлі).

«Журналистика» білім беру бағдарламасының білімгері Бектұрова Сандуғаш Ерғалиқызы «Қазақстан -2020: Болашаққа жол» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын дамыту мақсатында өткен «Жылдың үздік студенті» атты республикалық байқауда жеңімпаз атанып, I дәрежелі дипломымен марапатталды. Сондай-ақ Бейсен Құранбек атындағы шәкіртақыға Журналистика білім беру бағдарламасының білімгерлері Гүлжан Ниязова, Сандуғаш Бектұрова, Бекзат Елмырза ие болды.

Қорыта айтқанда, Әлеуметтік ғылымдар факультетінде терең білім, саналы тәрбие алуға мол мүмкіндік бар. Арман жетегіндегі білімге құштар жастарға қош келдіңіздер дейміз!

Гүлжан ТҰРЫСБЕКОВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
декаанының оқу істері жөніндегі орынбасары,
экономика ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а.

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ДОСТЫҒЫМЫЗ
ЖАРАСҚАН

Дүниедегі ең ұлы сезімдердің бірі – достық. Сондықтан жақсы достың адам өмірінен алар орны ерекше. Ол – адамның айнасы. Адам баласы қоғамда дұрыс адам болып өмір сүруі үшін шынында да достарының орны ерекше.

«Достық» туралы нақты ой айтқан философ А.Шопенгауэр өзінің «Өмірлік данышпандықтың афоризмдері» деген еңбегінде: «Нағыз шынайы достық адамдардың бір-бірімен терең, таза және адал қарым-қатынасын қажет етеді. Бұл дегеніміз – досыңыздың қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу деген сөз. Осының бәрі адамның табиғи өзіншілдік, өркөкіректік қасиеттерін жояды» деген. Күнделікті өмірде көңіліңе шапағат сәулесін шашып, сенің төрт құбылаңды тең ететін айналаңдағы достарыңның басы бұзылмағаны қандай жақсы.

2008 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Медицина факультетінің 1-курс студенті атандым. Грант иегерімін, қуанышымда шек жоқ. Осылайша студенттік өмірім басталып кетті. Мектептен кейінгі жаңа өмірге үйренісу, жаңа орта, түрлі адамдармен танысу... Параллель топтардан Ербол және Фаризамен таныстым. Ербол көзге көп түсетін белсенді студенттердің бірі еді. Студенттік кезеңде қызықтар өте көп болды. Фариза мен Ербол студент кезден бір біріне ғашық болып, жұптары жазылмай бірге жүрді. Бакалавриатты бітіріп диплом алдық. Міне қызық! Университет бітірер жылы Фариза екеуміздің руымыз бір екенін білдік. Бұл жағдай достығымызды әрі қарай нығайтып мәңгілік достыққа жол ашып берді. 2013 жылы Шымкент қаласына интернатураға білім жалғастыруға кеттік. «Достардың арман - мақсаты да бір болады» дейтін емес пе еді. Соның бір дәлелі біз үшеуіміз өзіміз тәмамдаған университетке медицина факультетіне оқытушы болып 2016 жылы жұмысқа тұрдық. 2017 жылы тағы да бірге Магистратураға түсіп, қиыншылықтар мен қызықшылықтарды бірге көрдік. Ербол мен Фариза бакалавр бітірген соң үйленіп, отбасын құрды. Мен де өз теңімді таптым. Қазіргі таңда отбасымызбен араласамыз. Біздің достығымызға басқа әріптестер қызыға да қызғана қарайды. Міне нағыз достар деп бізді айтуға болады. Ербол Нуриллаевич пен Фариза Жолановна қазіргі таңда медицина факультеті хирургиялық аурулар кафедрасында оқытушы қызметін атқарады. Студенттік кезімнен бірге оқыған достарым бұл күндері әріптесіме айналды. Біздер бірге оқыдық. Бірге қызмет жасаймыз.

Бұл өмірде туған-туыспен, дос-жаранмен тату-тәтті, ұйымшыл, бір болғаннан артық қандай бақыт бар? Әрдайым туған-туысыңа да, достарыңа да қол ұшын беріп, көмектесіп жүрсең, өзің де елдің алдында абыройлы, беделді боласың. Сөйтіп досың да көбейеді. Досқа деген пейілің жақсы, көңілің күмбез болса, досыңа дос қосылары хақ.

Ақбота ИБРАГИМОВА,
Жедел медициналық жәрдем кафедрасының магистр оқытушысы



МАМАНДЫҒЫМ - МАҚТАНЫШЫМ!



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алуға барлық жағдай жасалған. Жанға жайлы жатақханалар, оқу кампустары, кітапханалар студенттердің сапалы білім алуына қызмет етуде. Өз факультетім жайлы азын аулақ сөз қозғап, студенттік шағымның қалай өткені жайында «Ясауи университеті» газетінің оқырмандарына баян еткім келеді.

Осыдан 5 жыл бұрын ҰБТ-ны ойдағыдай тапсырып, мемлекеттік грант иегері атандым. Әуелі Алла, сосын ата-анама рахмет. Грант Түркістан қаласынан бұйырды. Басында барлық түлектер секілді Нұрсұлтан мен Алматы қалаларын арман еткенбіз. Алайда ойлана келе Халықаралық қазақ-түрік университетін таңдадым. Студент атанған сәтте дұрыс таңдау жасағанымды ұқтым. Себебі университетіміздің білімді де білікті оқытушы-профессорлар қауымы мен заманауи құрал жабдықтармен қамтамасыз етілген оқу базасы мол екеніне көзім жетті. Оқу ғимараттары да басқа жоғары оқу орындарынан ерекше сәулетімен көзіме түсті.

Студенттік шақ кез-келген адамның қызықты әрі ұмытылмас естеліктерге толы өмірінің бір бөлігі. Студент сабақтан бөлек қоғамдық іс-шаралармен де айналысуы керек. Медицина саласында дәрістер қиын болғанымен қоғамдық жұмыстармен де айналысуға да уақыт таба алдық. Университеттің жатақханасында тұрып, сонда бірінші курстан бастап белсенді студент ретінде әр-түрлі іс-шаралар ұйымдастыруға атсалыстық.

Екінші курста КТК команда құрып, факультетіміздің студенттері өнерден де алыс емес екенін дәлелдедік. Нәтижесінде, факультеттер арасындағы Жайдарман ойынында екінші орын алдық. Үшінші курста факультеттің спорт саласы бойынша іс-шараларға белсене қатыстым. Болашақ дәрігерлердің дені сау болу үшін сауықтыру жұмыстарын жүргізіп, жарыстарға қатысып жоғарғы орындардан көріндік.

Сол жылы хирургиялық ұйым "Veritas_IKTU" клубы ашылды. Бұл клуб өз мамандығым бойынша жұмыс жүргізуге бағыт-бағдар береді. Қазіргі таңда сол ұйымда, жас хирургтарды дайындаймыз.

Студент тек сабақпен шектеліп қалмау керек, уақытты барынша тиімді әрі пайдалы етіп өткізу қажет. Бір студент белсенді өмірді таңдаса, келесі студент өз-өзімен жұмыс істейді. Мен осы екі бағытты да қатар алып жүрмін. Әрине қиын бірақ қолдан келеді. Ол үшін университетіме, факультетімнің басшысы Ықылас Сүйіндіқұлы мен декан орынбасары Ғалия Нематуллаевнаға және де факультеттің барша оқытушы-профессорлар қауымына алғысымды айтамын. Маған дұрыс бағыт көрсетіп, қателігіммен кемшіліктеріме көз жұма қарап, ұстаздық еткендері үшін мың алғыс айтсам болады. Осы кісілерден үйренгендерім өте көп. Уақытты бос өткізбеу, өзіңмен жұмыс жасау, өз-өзіңді рухани дамыту, сабақпен қатар белсенді өмірді қоса алуды меңгердім. Менің бір жақын досым бар, әрі группаласым. Ол кісі де студенттік шағын дәл мен сияқты өткізіп жатыр. Оның бір сөзі бар, осы тек сабақпен жүретін студенттердің өмірі тек ақ-қарадан тұратын сияқты, ал біздікі бағдаршам секілді, қызыл-жасыл еске алатын естеліктер жеткілікті. Шынында солай, белсенді өмірде қоғаммен жұмыс істеу, ондағы ортамен қалай араласу, көпшіліктің алдында өз-өзіңді ұстау, шешендік қабілет, осының барлығын үйреткен менің университетім - менің мақтанышым. Медицина факультетінде білім алып жатқаныма қуаныштымын. Мектеп бітіруші жас талапкерлерге Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алуға барлық жағдай жасалғанын айтқым келеді.

Мейірбек ҚҰЛЖАНОВ,
Медицина факультетінің
5-курс студенті

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

XXI ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сай-ыс инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністермен ерекшеленеді.

Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені-сау, ой-өрісі жоғары дамыған әлемдік деңгейдегі жоғары білімі бар азаматтарды тәрбиелеу – мемлекеттік ең маңызды стратегиясы. Әлемдік өркениетте өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында міндеттер мен бұлтартпас бағыттар тұр.

Солардың бірегейі – білім беру жүйесін жетілдіру. Соңғы үш жыл бойына Қазақстан ЮНЕСКО-ның Білім беруді дамыту индексі бойынша әлемнің 129 елі ішінде көшбасшылардың төрттігінде тұр. XXI ғасырда Қазақстанда білім беру жүйесінде инновациялық серпіліс жасалынды. Жаңа мыңжылдық білім беру үдерісін мүмкіндігінше кеңірек қарауды талап етеді. Әр адамды жаңа әлемде жұмыс істеуге, білім алуға, өмір сүре алуға, бірлесіп өмір сүре білуге үйрету қажет. Бұл ЮНЕСКО қалыптастырған білім берудің төрт тағаны. Әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің білім беру жүйесі білім берудің құрылымын, мақсатын, мазмұны мен технологиясын өзгертті. Білімді, білікті, дағдыларды бұрынғыдай механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, инновациялық идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын болашақ маман тұлғасын қалыптастыру басымдылық болып табылады. Осыған сәйкес білім беру жүйесін жетілдірудегі маңызды міндеттер қойылып отыр:

-педагогикалық білімнің мазмұны мен әдістерін жаңарту;
-педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауда теориялық және практикалық инновациялық бағыттарды анықтау;
-оқу-тәрбие процесіне инновациялық ақпараттық коммуникациялық білім беру технологияларын енгізу;
-кез келген жағдайда өз бетімен оң шешім қабылдай алатын, өзіндік білім алу траекториясын құрастыра білетін және оны тиімді жүзеге асыру жолдарын анықтай алатын, оны тиімді жүзеге асыра білетін интеллектуалды тұлғаны тәрбиелеу, яғни адами капиталды қалыптастыру[1].

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі[1]. Педагогика саласындағы ғалымдардың көзқарасында педагогикалық технология дидактикалық процестермен, оқыту құралдарымен, ұйымдастыру түрлерімен байланысқан, оқыту жүйесінің құрамды бөлігі болады. Осы оқыту жүйесі «нәтижелі қалай



оқытуға болады» деген дәстүрлі сұраққа жауап береді. Яғни, педагогикалық технология дегеніміз, барлық бөлшектері ойластырылған оқу және педагогикалық іс-шаралардың жобаланған моделі, оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізуде оқушы мен мұғалімге барлық ыңғайлы жағдай туғызу және педагогикалық технология оқу процесін толық меңгеру идеясын іске асыруды болжайды [2].

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады. Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың

көрсеткіштерін қалыптастырады. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог

жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтай біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануда даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды. Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары:

- инновация туралы білімі;
- инновацияны жан-жақты меңгеру;
- инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру;
- инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану[3].

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;
- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады; жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды. Бүгінгі мақсат — әрбір білімгерге түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған өртүрлі анықтамалар берген. Инновация латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе "инновация" — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже

- жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелек, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Инновацияның өмірге енуі білім ордасының өзінің жұмыс істеуіне себепші болатын ішкі жағдайларға байланысты. 7M01202- Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту магистратура 1- курс магистранттары инновацияны білім процесіне күн сайын ілестіріп, бірге алып жүрген жайы бар. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар білімгердің оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді [4].

Жоғары білім жүйесіндегі өзгерістерге байланысты инновациялық тұлғаны дамыту - білім парадигмасын дамыту, адамның интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін өмірдің барлық салаларында шығармашылық қызметке пайдалану қажеттілігі. Жоғары білім беру саласын күрделі трансформациялаудың маңызды элементтерінің бірі құзыреттік тәсіл мен кредиттік жүйені міндетті түрде жүзеге асыру арқылы екі деңгейлі білім беру жүйесіне көшу болып табылады. Федералдық мемлекеттік білім беру стандарттары мен нормативтік құжаттардың талдауы білім беру жүйесінің мұндай өзгеруі білім беру процесіне қойылатын талаптардың өзгеруіне әкеп соқтырды. Осы өзгерістердің бірі студенттерді оқыту үдерісінде оқытудың интерактивті әдістерін қолдану талабы деп санауға болады.

Интерактивті оқыту - танымдық белсенділікті ұйымдастырудың ерекше түрі, танымдық әдіс, білімгерлердің бірлескен белсенділігі түрінде жүзеге асырылады. Барлық қатысушылар бір-бірімен өзара әрекеттеседі, ақпарат алмасады, проблемаларды бірлесіп шешеді, жағдайды имитациялайды, басқалардың әрекеттерін бағалайды өз мінез-құлқын, проблеманы шешу үшін іскерлік ынтымақтастықтың шынайы жағдайына сіңірді [5]. 6B01100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу (бакалавр) дуальды оқыту барысында, балабақша қабырғасындағы ұйымдастырылған оқу қызметтерін интерактивті оқыту үлгісімен, проблемалық оқытумен қоса өткізуде қазіргі таңда.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту. Білім беру мекемесінің алға қойған мақсатына жетуі үшін басқаруға ықпал жасайтындар және өзінің басқарушы ішкі жүйесі (әкімшілік, педагогикалық ұжым) біртұтас жүйе болғандықтан, инновацияға үнемі орын табылады. Ал жаңа өзгеріс нәтижесі білім беру мекемелері үздіксіз өзгертін және дамитын жаңа қайшылықтардың көздері болады. Жаңалық енгізу кез-келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
2. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – // Қазақстан мектебі, №4, 2006.
4. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау.–А.,2004
5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008

Г. КАЙБУЛАЕВА,
Гуманитарлық ғылымдар факультеті,
Білім технологиялар кафедрасы п.ғ.к.,доцент

СТУДЕНТ ЖАЗБАСЫ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



Шырт ұйқының құшағында жатқан Балнұрды бас жағынан дарылдай сөйлеген апасының дауысы оятып жіберді. Қыз ұйқысынан шошып оянды. Не болғанын түсіне алмадым, барлық жерім ауыратын секілді деп жыладым. Апам бір жерге апарамын киін деді. Мен үн түнсіз басымды изедім де, дереу киініп сыртқа шықтым. Ауырғаным соншалық қайда болса да жазылсам болды деген үмітпен кетіп бара жатырмын. Таудың шетіндегі бір лашық үйге бардық. Онда кезекте адамның саны шексіз таудан жайылып келетін өрістегі қой секілді көрінді. Еңсемді көтере алмай зорға кірдім, ішім алай дүлей бір сезімді бастан кешіріп жатыр. Не болып жатқанын өзімде түсінбеймін. Кепе лашық үйге кірдік. Өзім елестеткендей іші қараңғы сол жерде жұпыны киінген екі әйел адаммен, ақ сақалды арбада отыратын, шамасы оның бір аяғы ауырады, оның жүзінде еш қуаныш жоқ, қабағы қатулы бір ер кісі болды. Халықтың айтуынша ол бір Бақсы екен. Онда ол ала таяғын ұстап әрбір адамның үстіне таяқты серпіп ұрып жүр. Мен есіктің аузында абыржулы күйде тұрғанда менде сол адамдардың қасына отырғызып қойды да маған былай дейді: -Отыр! Көзіңді ашпа мен сенің ауруыңның емін білемін, Егер көзіңді ашсаң жаман нәрсе болады байқа! - деді де, отырғызып қойды. Бір кезде "Қызым отыр бұл жақсы кісі айтқанын істе" - деген, адамдардың даусы естілді. Мен отырдым көзімді жұмған сәтте құлағыма жаңағы ақ сақалды кісі мыңғырлап сөйлеп жатты. Мен бір кезде ашпа деген көзімді ашқым келді. Бірақ көзіңді ашсаң жаман болады деген дауыс есімнен де кетер емес. Сосын тәуекелге бардым да көзімді жайлап аша бастадым. Ашқанымда ана жердегі жарқылдаған жарық сәуле түсіп, бетіме қатты жел есті де ақ сақалды кісі мені көріп маған қарап қалды, екеуміздің көзіміз түйісті. Мен сол сәтте төбен қарап көзімді қатты жұма бастадым. Ішімнен «Бисмилла!» «Бисмилла!» Бисмиллаһи рахмани рахим!» деп үш рет қайталай бастадым. Сондағы мендегі сезім қатты қорықтым маңдайымнан тер шығып не істерімді білмей жаттым. Енді не болады екен? Маған бірдене болады ма қалай? Не болып кетті? деген сұрақтар санамда тұрды. Қорыққаннан қолым дірілдей түсті. Бір кезде денемді біреу тұртты мен қорқаным сонша сол жерде көрпешені қолыммен қысып ұстап қимылдамай отыр екенмін. Бір кезде апамның даусы естілді де: -Қызым тұр, орныңнан тұрып кет деді. Ал мен болсам қорқып әлі көзімді ашпай отырмын. Сосын апам қолымнан ұстап еді жүрегім орнына түсті де көзімді аштым. Көзімді ашқанымда қасымда да тек апам болды. Айналада ешкім жоқ екен. Жан-жағыма қарап едім қараңғы

БАҚСЫ
(ӘҢГІМЕ)

жердің есігі ашылып жарық болып кетіпті, біз сонымен үйге қайтпақшы болдық. Таудан төменге түсе бергенімде қолымда тұрған жүзігімнің жоқ екенін байқадым. Сонда жаңа қорыққанымда қолымнан шешіп жерге қойғаным есіме түсті. Жүзігімді алуға баруым керек. Алайда жаңағы жерге қайта баруға жүрегім дауламады. Сонда да тәуекелге бел буып, апамды сыртта қалдырып қайта шықтым. Төбеге шықтым, шыққанымда бір қызық нәрсені көрдім. Жаңағы жұпыны киінген әйел адамдар ер адамдар болып шықты. Мен таңқалдым олар жұпыны киімін шешіп, бастарындағы өтірік шаштарын қолдарына ұстап алған, онысы аз дегенде, мені ең таң қалдырғаны арбада отырған ақ сақалды кісі арбасыз жүре алады екен. Онысымен қоймай ол машина айдап кетіп бара жатты. Мен көрген ақ сақалды ер кісінің жүзінде күлкі жоқ қабағы қатулы адам еді, ал енді жүзінен күлкі кетпей мәз болып кетіп бара жатыр. Мен сенер сенбесімді білмей қалдым. Қайта- қайта көзім ашып жұмсам маған көзіңді ашсаң жаман болады деген адамдар екеніне көзім жетті. Ал енді миыма сигнал барғандай ойлана бастадым, жаңа мен көзімді ашқанымда көзіме жарық сәуле түскені олар адамның бетіне ультракүлгін сәулені жағып қояды екен, ал бетіме жел ескені желдеткішті адамның қасына қойып оның бетіне түскенде жел ескендей болатындай жасап қойған айласы екен. Ал бұл Бақсы адамдардың ойлап тапқаны екен. Халық бұл адамдарға сенім білдіріп келіп жүрсе бұл адамдардың істеген тірліктері нағыз адамдыққа тән емес... Осыны көргендегі сезім менде басқаша болып кетті. Тіпті Бақсы деген атты естігім де көргім де келмеді, келгеніме өкінетін күй кештім, енді сенбейтін де болдым. Осы жағдай есіме түсіп бір күрсіндім де бұл жерге мәңгі бақи келмейтін болып үйге қайттық...

Қорытынды: бұл әңгімені жазудағы мақсатым қазіргі заманда басына қыншылық түссе, көпшіліктің жүзінетін алғашқы нәрсесі Құдіреті шексіз Алла Тағаланың жәрдемі емес, қолынан түк келмейтін бақсы-балгер, емшінің тәтті өтірігі болып кеткені құпия емес. Расында, халық арасында бұл дерттің таралуы еліміз үшін үлкен қасірет десек болады. Өзін ғайыпты білуші, бақсы, емші, көріпкел етіп жариялаған адам халық білімсіздігін пайданалып, түрлі айла қолдануда, әрі олардың саны жылдан жылға өсуде. Бұндай сұмдықтың алға өрбуін тоқтатып, түбірінен жою үшін халыққа ақиқаттың пердесін ашуды аса маңызды санадым.

Ләззат ЕГЕУБАЕВА,
4-курс студенті

АБАЙ АТАМЫЗДЫҢ ДҮНИЕГЕ
КЕЛУ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ ӘҢГІМЕ..

Абай Құнанбаевтың дүниеге келу турасына ел аузынан жеткен ең көне әңгіме. Күндердің бір күнінде Құнанбайдың қол астындағы бір кедей халық түс көреді. Түсінде бір Қыран құс келіп елге бір алтын



дән әкеледі. Ол дәнді әлгі қыран құс жерге қойып аспанға қанат жайып самғап ұшып кеткен екен. Азанда кедей тұра салысымен Құнанбайға барып түсін жорып беруін сұрайды. Сонда Құнанбай бұл түсті жақсылыққа балап кедейге 100 сомға түсін сатуын сұрайды. Әлгі кедей жәй ғана түс қой деп қуана-қуана сатып жібереді. Сол күні Құнанбай түс көреді түсінде ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген, тобықты руынан шыққан, қазақтың кемеңгер биі - Өнет баба кіріп Ибраһим, Ибраһим деп пайғамбардың атын атап аян беріп ғайып болады. Осы түстен көп ұзамай Құнанбайдың әйелі Ұлжанның босанғаны жайында хабар келеді. Көрген түсін ырым жорған Құнанбай азан шақырып, жас нәрестеге Ибраһим есімін бергізген екен...

Қорыта айтқанда, бұл әңгіме А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыру, Қазақтың Абайын әлемге таныту. Абай Құнанбаев қазақтың басына біткен бағы десек қателеспейміз. Абай атамның көзқарастары күні бүгінге дейін құндылығын жоймайды. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап біз тірлігіміздің дұрыс - бұрыстығын сараптаймыз.

Ләззат ЖАНДАРБЕКҚЫЗЫ,
4-курс студенті

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru